

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бүйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2022 жылғы 23 мамырдағы № 370 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 25 мамырда № 28198 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бүйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

БҮЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бүйрықтарына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Сотталғандарды жазасын өтеу үшін қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне жіберу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 22 тамыздағы № 551 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9759 болып тіркелген):

корсетілген бүйрықпен бекітілген Сотталғандарды жазасын өтеу үшін қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне жіберу қағидаларында:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Аса ауыр қылмыс жасағаны үшін бес жылдан аса мерзімге сотталған адамдар, толық қауіпсіз мекемеде жазасын өтей отырып, қылмыстың қауіпті қайталануы, сондай-ақ өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен немесе өлім жазасын жоятын заңының қолданылуына байланысты бас бостандығынан айыруға ауыстырылған адамдар толық қауіпсіз мекемелерге жіберіледі.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Сотталғандарды қылмыстың қауіпті қайталануы, өмір бойына бас бостандығынан айыру, жазаларын толық қауіпсіз мекемеде өтеуге сотталғандар, сотталған эйелдер, кәмелетке толмаған сотталғандар тиісті мекемелердің орналасқан жері бойынша жазасын өтеу үшін жіберіледі.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Бас бостандығынан айыруға сотталғандар жазасын өтеу орнына және жазаны өтейтін бір орыннан екіншісіне айдауылмен ауыстырылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бойынша қылмыстар жасағаны үшін өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандар жазаны өтеу орнына ерекше айдауылмен жіберіледі.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. ҚАЗ департаменттері өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандарға қатысты сот үкімі заңды күшіне енгеннен кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланның тиісті өнірлік қолбасшылықтарына ерекше айдауылға өтінім жолдайды.>";

2) "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдардың есебін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 13 ақпандағы № 107 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14918 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдардың есебін жүргізу қағидаларында:

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Сотталғаннаның жеке ісінен атқару параграфы - бухгалтерияға, медициналық карта - мекемеде орналасқан медициналық ұйымға тапсырылады. Атқару параптараты мен медициналық карта жеке істегі тізімге қол қою арқылы беріледі.";

44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"44. Егер қайтыс болған адамның денесі заңды өкілдерімен сұратылmasa, онда оны жерлеу жергілікті зиратта жүргізіледі. Жерлеу мерзімін әрбір нақты жағдайда мекеменің бастығы белгілейді.";

аталған Қағидаларға 3 және 4-қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Зан департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінде жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледін осы бұйрықтың 1-тармағы 2) тармақшасының төртінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі

M. Ахметжанов

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінде

2022 жылғы 23 мамырдағы

№ 370 бұйрығына

1-қосымша

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі
қылмыстық-атқару жүйесі
мекемелерінде ұсталатын
адамдардың есебін жүргізу

қағидаларына

3-қосымша

нысан

(бірінші мұқабаның сыртқы жағы) Сотталғанның жеке ісі

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____

Басталды 20 __ жылғы " __ "

Аяқталды 20 __ жылғы " __ "

№ _____ мұрағат

Жеке істің мұқабасына басқа жазбалар жазуға тыйым салынады
(бірінші беттің ішкі жағы)

сотталғанның қозғалысын тіркеу

Мекеменің атауы	Мекеменің орналасқан жері (қала, ауыл, станция)	Болу уақыты		Жеке істі тіркеу
		Келді	Кетті	

(бірінші жапсырма парап)

1-бөлім

Жеке істің бірінші бөліміне мынадай құжаттар тігіледі:

бұлтартпау шараларын таңдау туралы қаулы; ұстau хаттамасы немесе күзетпен ұстауға алу туралы анықтама; қамауға алу кезіндегі хаттамасы немесе тінту актісі; қамауға алынғанның сауалнамасы; дактилоскопиялық карта; сотталған жазасын өтейтін үкімнің көшірмесі (көшірмелері); аппеляциялық, кассациялық қаулының көшірмесі немесе үкімнің занды қүшіне енгені туралы сот хабарламасы; бұрынғы соттылығының бар-жоғы туралы анықтама; үкімді орындау мәселелері бойынша сот қаулысының көшірмесі; қаулының немесе үкімді өзгерту туралы немесе бас бостандығынан айыру орындарынан босату туралы сот қаулысының көшірмесі (оның ішінде, ШТМБ, ЖЖТА туралы, шартты босату туралы, ауруына байланысты жазаны өтеуден босату); Қазақстан Республикасы Президентінің Кешірім жасау туралы Жарлығын орындау туралы ұйғарым; рақымшылық қолдану туралы қаулылар, хаттамалардан үзінділер және басқа да құжаттар; босату немесе үкімді өзгерту туралы құжаттарды орындау туралы хаттардың көшірмелері; қайтыс болу туралы медициналық құжаттардың

көшірмесі, жазатайым жағдай туралы акті (егер өлім жазатайым оқиға нәтижесінде болса); сот - медициналық ашып қарау актісі (егер ол жүргізілген болса), жерлеу туралы немесе мәйітті туыстарына беру туралы акті, жергілікті атқарушы органдарына және заңды өкілдеріне жіберілген сottалғанның қайтыс болуы туралы хабарламалардың көшірмесі; сottалғанның қашуы туралы хабарламалар; босату туралы анықтамалардың көшірмелері; ақшаны, заттарды және басқа да бұйымдарды, сондай-ақ ордендерді, медальдарды және құжаттарды алғаны туралы түбіртектердің (актілердің) көшірмелері; қайтыс болған адамдардың заңды мұрагеріне жеке заттарын, ақшаны және басқа да бағалы заттарды беру немесе салып жіберу туралы түбіртектер; өндірістік жаракат алғаны туралы актілері және бас бостандығынан айыру орындарында болу кезінде мүгедектік алғанын растайтын құжаттар.

Барлық құжаттар олардың келіп түсуіне қарай тігіледі және тізімге кіргізіледі.

Жеке істің біліміндегі құжаттардың тізімі

№№ нөмірлері р/н	Құжаттың атауы	Парапттардың нөмірлері	Ескертпе
---------------------	----------------	------------------------	----------

(екінші жапсырма парап)

2-бөлім

Жеке істің екінші біліміне мынадай құжаттар тігіледі:

Сottалғаның мінездемесі; ШТМБ, ЖЖТА, қauіpsіздігі барынша төмен мекемеге ауыстыру, төтенше қauіpsіз мекемесінен қauіpsіздігі барынша жоғары мекемеге ауыстыру, жазалау мерзімін қысқарту мәселелері бойынша материалдар, сондай-ақ осы мәселелер бойынша бақылау комиссиясының шешімдері, сottалғанды ерекше қадағалауға алудың қажеттігі туралы анықтама-бағдарлар (егер ол қашуға, есірткі пайдалануға бейім болса және тағы басқалары); көтермелену мен жазалаулар туралы құжаттар, айдауылдану туралы қаулылар және оған құжаттар; инстанцияларға шағымдар мен өтініштерді жолдау туралы ілеспе хаттардың көшірмелері, өтініштерге жауаптар, жауап алу хаттамасы; мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерді жарияламау туралы қолхат; сottалғанды түзету оның мінез-құлқын, байланыстарын сипаттау үшін маңызы бар және басқа да құжаттар.

Барлық құжаттар олардың келіп түсуіне қарай тігіледі және тізімге кіргізіледі.

Белгіленген тәртіппен ресімделмеген құжаттарды, олардан үзінділерді, құжаттардың жобаларын және басқа да жұмыс материалдарын тігуге тыйым салынады.

Жеке істің екінші біліміндегі құжаттардың тізімі

№№ нөмірлері р/н	Құжаттың атауы	Парапттардың нөмірлері	Ескертпе
---------------------	----------------	------------------------	----------

(екінші мұқабаның ішкі жағы)

Күжаттары бар конвертті жапсыруға арналған орын

Конверттегі күжаттардың тізбесі

№№ нөмірлері р/н	Күжаттың атауы	Күжаттардың немесе парапттардың саны	Ескертпе
---------------------	----------------	---	----------

----- **Қолхат**

Босатылған кезде маған тиесілі күжаттарды, заттарды, ақшаларды, бағалы заттарды

Толығымен алдым _____ (босатылғанның қолы)

20__ жылғы "___"

Істе барлығы _____ парак.

(істі мұрагатқа тапсыру үшін ресімделген адамның тегі, лауазымы, қолы)

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрінің

2022 жылғы 23 мамырдағы

№ 370 бұйрығына

2-қосымша

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

қылмыстық-атқару жүйесі

mekemelerinde ұсталатын

адамдардың есебін жүргізу

қағидаларына

4-қосымша

нысан

(анықтаманы жасаған органның атауы)

20__ жылғы "___" (жасалған күні)

№ ____ ілеспе тізім бойынша

№ ____ жеке іс бойынша анықтама

1. Сотталғаның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) (егер бірнеше болса барлығын жазу керек)

2. Туган жылы және жері _____

(толық мекенжайы көрсетіледі)

3. Күзетпен ұстауға дейінгі тұрған жері

(толық мекенжайы көрсетіледі)

4. Қайда жіберіледі _____
(қала, мекеме атауы)

5. Қарауылмен берілетін орын

(станцияның, мекенжайдың атауы) қандай транзит-жөнелту пункттері арқылы өту тиіс

6. Айдаудауға негізде

(наряд, бұйрық, сот немесе тергеу органдың қаулысы, нөмірі, күні)

7. Санаты _____
(сотталған, кәмелетке толмаған, режим түрі, шет ел азаматы және тағы басқалары)
8. Қандай сот органы соттаған (қашан, Қазақстан Республикасы Қылмыстық
кодексінің қандай баптары бойынша, қандай мерзімге немесе қандай бап бойынша
айыпталады)

9. Ерекше күзет керек пе және неге?

10. Ерекше белгілері:

11. Дәрігер анықтамасы:

1) денсаулық жағдайы туралы (дені сау, туберкулезben ауырады, еріп жүрусіз жолда
жүре
алады ма)

2) санитарлық өндөуден өткені туралы (күні)

3) мекеменің эпидемиологиялық жай-қүйі туралы

Дәрігер _____
(тегі, қолы)

Бастық _____
(атағы, тегі, қолы)

Фотосурет
үшін орны
Елтаңбалы
мөр орны

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК